

АЛТЫНСАРИН МҰРАСЫ – ТӘЛІМ-ТӘРБИЕ МЕКТЕБІ

«Ыбырай Алтынсарин – қазақтың тұнғыш ағартушы педагогы» деген насиҳатталғаны рас. Алайда, оған «орысшыл», «батысшыл» деген жынысқы айдар таға салудың табы сезіледі. Ұлттымыз үшін аса қадірлі алғашқы ұстазымызды қалай ұлықтасақта, ол – соған лайық тұлға! Ыбырай халық мұрасы арқылы қазағын оқу-білімге шақырды. Ұстаз ретінде үрпақ болашағының қамын ойлап, жастарды ғылым-білімге тәрбиелеп, сол арқылы адамгершілікке баулуга ұмтылды. Тіпті, ғылыми тұрғыдағы тәрбиенің де негізін салды. Реті келгенде бір ақиқатты айтайын. Ол өз заманында екі түрлі үлкен кедергіге тап болды. Біріншіден, сол уақыттағы ақсүйектер, байлар оның идеясын қолдай қоймады. Екіншіден, ыбырайдың достары деп жүрген адамдардың көбісі миссионерлер еken. Олар қазақ мектептерін ашқанда орыстандыруасаясатын жүргізуді көзdedі. Соған қарамастан, ыбырай қындықтармен күресе біldі.



Сымбат ИГІЛІКҚЫЗЫ

Ғылыми кітапхана Сирек кітаптар, қолжазбалар және ұлттық әдебиет бөлімінің қызметкері

«Тәрбие тал бесіктен басталады» деген ұстанныммен ыбырай атамыз көптеген әңгіме, жинақтар жазды. Қай шығармасын алып қарасақта тәрбиелік мәні зор екеніне көзіміз жетеді.

«Эке мен бала» әңгімесінде әкесінің еріншек баласына қалай ақылмен «еңбектің наны тәтті» екенін үйрететіні баяндадады. Бір рет еңкеюге ерінген баласын жүз рет еңкейтіп береді шиені. Аз жұмыстық қызынсынсан, көп жұмысқа тап боласын. Азға қанағат ете білмесен, көптен құр қаласын дегенді балаға жеткізеді. Міне, тәрбие осыдан бастау алмай ма?

«Таза бұлақ» әңгімесінде де үлкен тәрбиелік мән жатыр. Бұлақ басында жазылған «Ей, жолаушы, болсаң осы бұлақтай бол» деген жазудан-ақ аңғаруға болады. Демек, жүректерінде, көңілдерінде, бойында еш арамдақ болмасын адап бол, таза бол дегенді айтады. Сол сияқты қарай берсек ыбырай атамыздың барлық еңбегінен тәрбиенің исін анық аңғаруға болады.

«Шариат-ул-ислам», яғни А. Сейдімбеков аудармасымен «Мұсылманшылдықтың тұтқасы» деген еңбегінде адамгершілік тәрбиесін басты нысана ете отырып, ислам дінінің мән-мақсаттарымен таныстырған.

Бұл еңбегін жазуға өз заманының екі түрлі жағдайы себепші болған еken. ыбырай ашқан мектептерде сол кездің талабы бойынша мін-

депті түрде дін сабағы өтуге тиіс еді. Екінші жағдай, сол кездегі енді орныға бастаған жазба мәдениетімізге араб, парсы сөздерінің көптеп енуі елдің өртөнгөн ойлайтын ыбырай сияқты азаматты бейтарап қалдыра алмады. Осы еңбекті жазудағы мақсаты жөнінде Ы. Алтынсарин былай дейді: «...Біріншіден, қазақ жастарының дін жөніндегі түсініктері теріс бағытқа түсіп кетпеуі үшін, ал екіншіден, қазақтың жазба тілінде татар тілі орынсыз етек алуына жол бермеу үшін мен соңғы кезде Мұхамбет шаригатын үйрене бастап... осы оку құралын құрастыруға кірістім» [1,5].

Мұнда ең бірінші Әуелгі баб яғни иман тұрасында біраз сөз етеді. Уш түрлі мағынасына тоқталады. Намаз, руза тұрасында, зекет, хаж, харам тұрасында да көптеген ғибратты әңгімелер бар. Соның ішінде рузага (яғни парсыша ораза) қысқаша тоқталайын.

Әр жыл рамазан айында отыз күн руза тұту – парыз. Рамазан деген сөз «қүйдірген» деген мағынада. Яғни рамазан айында ораза ұстаған адамдардың күнесі қүйдіріледі деген сөз. Рузаны зәурүрсіз ұстамағандар ақыретте зор азапта болар. Рузаның уақыты – таң қызыара бастағаннан күн батқанша. Сол екі уақыттың арасында ешбір тاماқ асамақ, ішпек дұрыс емес. Хатта мейір қанып деңе рахаттанатын яғни үстіне су қуидыру, суга малынған күйімге орану реуіштілер де макрух (яғни тиым салынады). Егер бір адам рузага ниет етіп, ұстал тұрып, біле, көре ұстаған күні ашып жіберсе, бір күніне де алпыс күн ораза ұстасуы керек. Мұны каффарат (яғни күнесін жуу деген мағына) деп атайды.

Осындағы көптеген ораза шарттары мен тәртібін нақты ашып айтып кеткен. Қазіргі кейір діни кітаптарда тамақтың дәмін тату, ғұсыл алу, душқа тусу оразаны бұзбайды делініп жүр. Ал жоғарыда атамыз бұларға да тиым болатынын айтып кеткен. «Тамақты шайнау, дәмін тату – макрух. Жалғыз-ақ баласы бар қатын зарур болғанда баласына тاماқ шайнап берумен макрух болмас...».

Ыбырай атамыздың өлеңдерінен имани тәрбиенің тұнып тұрғаны байқалады. Қай өлеңін алып қарасаң да «Тәңірім», «Бисмиллаһ» деп бастауынан шүкіршілік етуді байқауға болады. Мысалы;

Бір Аллаға сиынып,
Келбалалар, оқылық!
Оқығанды көнілге
Ықыласпен тоқылық –

бұл жерде де сол сөз басын Аллаға сиынып барып бастауынан-ақ имандылық тәрбиенің бастауы екенін көреміз. Келесі бір өлеңінінде:

Ұмытпа бай болдым деп бір Құдайды,
Жер жұтқан қайырысыздан Қарынбайды
Мекенін білемісіз, қайда қалды?
Жомарттық қылған үшін Атымтайды.[2,32]

Қазақтың тарихи жырларында Қарынбай мен Атым-

тай туралы нұсқалар бар. Бірақ ыбырай атамыз осы бір-ақ шумақпен Қарынбай мен Атымтайдың басты ерекшеліктерін айтып еткен.

Араз бол, кедей болсаң ұрлықпенен,
Кете бар, кессе басың шындықпенен
Қорек тап бейнеттөн де, Тәңірің жәрдем,
Телмірме бір адамға мұндықпенен.

Мұнда «біреудің ала жібін аттамауға» үндейді. Яғни «Ұрлық тубі – қорлық» дегенді айтады. Тәңірім адалдарды жақсы көреді дейді. «Адалдың арқаны үзын» дейді қазағым, осыны баса жеткізеді. «Әділдік көрмеген үшін бір тереге айтылған сезінде» былай делінген:

Оразаның тубіне мақсым жетер,
Азған елдің тубіне тақсыр жетер.
Әділдіктен хан тайса, наным кетер,
Жылай-жылай жарлының малы кетер.
Ай, тақсыр, бұл дүние өтер кетер.
Мал иесі де артыңан қуып жетер.
Жарлылар да бір табар әділ қазы
Таразылы күн болса, арыз өтер!

Ыбырай халықтың адаптациясында отырып, оның негізі ғылым-білім мен имандылықтың ұштасуында екендігін баса көрсеткен. Ыбырай Жаратушының барына шек келтірмеген, оны жоғарыдағы өлеңдерінен байқауға болады. Бірақ ол дүмше молдаларға, саутасыз діндарларға ашық қарсы шықты. Өйткені халықты соқыр сенімнен аластатқысы келді. Бірқатар зерттеушилер ыбырайды стихиялық материалist, дінге қарсы болған дейді. Мұндай пікірді айтушылар оның дүмше молдаларға қарсылыған дінге қарсылық деп түсінүлдері мүмкін. Алайда ыбырай атамыз дінді мәдениет, тәрбие құралы ретінде қарастырады. Ол діни фанатизимге қарсы шыққан.

Қазақ халқының салт-санасы мен әдет-ғұрпымының, әдебиеті мен мәдениетінің негізі – мұсылманшылдықта. Байқасақ, ғылымның бастауы да – Құран. Тазалықта, әдебиет те, тәрбие де, дәстүр де бәрі-бәрі осы бір қастерлі кітаптан табылады. Ал ыбырай атамыздың бізге қалдырған сарқылмас байлығы – бүгінгі, болашақ буынның игілігіне жараса жеткілікті. Демек, тәлім-тәрбиенің бастауы – ұлыларымыздың жазба мұралары.

Әдебиеттер:

1. Ы. Алтынсарин. Мұсылманшылдық тұтқасы. Шариат-ул-ислам/Дайындаған А. Сейдімбеков. – Алматы: Қазақстан ТПО Қаламгер, 1991. – 80 бет.
2. Айғұл Ісмақова. ыбырай Алтынсаринұлының өлеңдері асыл сөзбен жазылған мұсылмандық тұтқасы. //Аңыз Адам. – 2013 ж. №17 (77).
3. И. Алтынсарин. Шариат ал-ислам. – Қазан, 1884.
4. Дін мән дәстүр. /Жинақтаған С. Ибадуллаев. – Алматы, 2014. – 192 бет.